



Тілегжан РЫСКАЛИЕВ,
философия ғылымдарының
докторы, профессор



АБАЙ ЖОЛЫ – ДАМУДЫҢ ДАНҒЫЛ ЖОЛЫ

Кенес дәуірінде Абай көрнекті ақын ретінде дәріптелді, танымал болды. Абайдың ақындығын кезінде жоғары бағалаған Ахмет Байтұрсынұв болды. Ол Абайды «қазақтың бас ақыны» деп сипаттады. Абайды философ ретінде алғаш таныған Жүсіпбек Аймауытов болды: «Ақыл, ғылым, сезім терең ойлылығына қарағанда Абай қазақтан шыққан философ», – деп жазды. Мағжан Жұмабаев Абайды дана-хақим деп атайды: «Шын хақим сөзін асыл бата жетпес, бір сөзін мың жыл жүрсе дәмі кетпес», – дейді. Мағжан Абайды ойшыл ретінде бағалап тұр.

Абайдың інісі, ізбасары Шәкәрім де Абайды жәй ғана ақын емес, «данышпан хақим, философ кісі», – деп атап көрсетеді. «Ибраһим мырзаның тұрағы қазақ іші болғандықтан, қадірі азырақ білінді... Қор елде туды да, қорлықпен өтті», – дейді Шәкәрім. Мұның бәрі Қазан төңкерісіне дейін айтылған сөздер. Ал Кенес заманында Абайды әлемге танытқан М.Әуезовтың өзі Абайды «философ» деп айта алмады, айтқанына болмады. Кенес заманында Абайға да, Шөкәнге да, Ыбырайға да сынаржақты көзқарас қалыптасты: Абай – ақын, Шөкән – ғалым, Ыбырай – педагог-ұстаз деумен шектелдік. Үшеуін де аяғарушылар қатарына жатқыздық. Олардың шығармаларының дүниетанымдық, философиялық мағынасы ол кезде ашылмады, айтылмады. Айтұға да болмады. Егер де Абайға, Шөкәнге, Ыбырайға қазақ қауымы ойшыл-философ деп қарайтын болса, онда олар қазақтың көзін ашар еді, қазақты ояндатыр, оятар еді. Қазақтар: «Біз қалайша басқа елдерден артта қалдық, баға сияқты Бейкам

өмір сүріп жүрміз», – деп ойланар еді. Кенестік идеология осыдан қауіптенді. Қазақ халқының ой-өрісі тар болғаны кенес өкіметіне тиімді болды.

Сөйтіп, қазақ ойшылдарын, зиялыларын – Ә. Бөкейхановты, А. Байтұрсынұвты, М. Жұмабаевты, С. Сейфуллинді, т.б. құртты.

Мен «Егемен Қазақстанда» жарық көрген «Абай философиясының қыры мен сырғы» деген көлемді мақаламда былай деп жазған едім: «Мен кейде ойлаймын: егер де Гегель болмаса, оның өміршең диалектикасы болмаса, Маркс болмас еді. Маркс болмаса, Ленин болмас еді. Ленин болмаса, ол құрған большевиктер партиясы болмаса, онда 1917 жылғы Қазан төңкерісі болмас еді. Ресейдің, Ресей құрамындағы елдердің, соның ішінде Қазақ елінің де даму жолы басқаша болар еді. Бұлар қазіргідей дамыған елдерден көп артта қалып қоймас еді», – деп жазған едім.

Идея, идеология, философия деген – осындай перменді қару. Егер де, олар қалықтың санасын билеп алса, оның өмірін де, тұрмысын да өзгерте алады. Сол сияқты қазақтар Абайдың сөзін тыңдап, сонына ерсе, Абай жолымен жүрер болса, кешегідей, бүгінгідей болмас еді. Рухы да, намысы да жоғары, ұяты да қалыпты болар еді. «Жол» деген – киелі ұғым. Қытайда адамға дұрыс жолды ұсынатын да, осисм деген Лао Цзының ілімі бар. Философия өмір жолына, ғылым жолына, тарих жолына ерекше мән береді. Осы жолдан тәлім, тағлым іздейді, сабақ алады. Мұхтар Әуезов қазақты, қазақтың ұлы ақынын, көменгері Абайды әлемге танытқан

Тілегжан РЫСКАЛИЕВ. Абай жолы – дамудың данғыл жолы

шығармасын «Абай жолы» деп өте дұрыс атаған екен. Бүгін де бізге керекті – осы Абай жолы, Абайдың өнересі. Мен елімізге, халқымызға, билік басылдағы адамдарға, қазақ философиясына, мәдениетіне бетке ұстар үлгі ретінде Абай жолын ұсынар едім.

Абай ілімінде бүгінгі қазақтарға, қазақстандықтарға қажет нәрсенің бәрі бар: нарық та, демократия да, бәсекеестік те, ғылым-білім де, намыс та, рух та бар. Тек Абайдың ілімін игере білу керек. Абайды оқып түсіну керек. Абайды оқымаған, білмейтін адам арамсыз болмас. Бірақ Абайға ден қойып, оның жолымен жүріп келе жатқан, Абайды түсінген адам, екіншіше қарай, көп болмас. Бір кезде Қазақстанның халық жазушысы Қалғай Мұхамеджанов айтты еді: «Абайы бар қазақ аласа қоймас», – деп. Олай болмады. Қолда бар қазынаның, Абайдың қадірін білмей, біз көп адастық.

Биыл еліміз Абайдың туғанына 175 жыл толғанын лайықты атап өтуге. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев осы мерейтойға байланысты «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» деген бағдарламалық мақаласын жариялады. Мақалада Абай мұрасының елімізге, халқымызға тиісер пайдасы зор екендігі айтылды. «Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ», – деп атап көрсетті. «Сондықтан, Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн», – дейді Президент. «Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі... Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет», – деп жазды Қ.Тоқаев. Президент мына сөзін де берімізге арнап отыр: «Жалпы өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесе, ел ретінде өнсенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз».

Абайдың ілімі дәстүрлі философиямен, әлемдік философиямен үндесіп жатқанын мен «Философия тарихы» деген кітабымда да, соңғы кезде «Қазақ әдебиетінде», «Егемен Қазақстанда» жарық көрген мақалаларымда да ашып көрсеттім. «Абай – бүкіләлемдік ойшыл-философ» деп жаздым.

Философия дегеніміз – даналық, даналыққа құмарлық. Абай туындылары – өлеңдері де, қарасөздері де тұнып

тұрған даналық. Абай Сократты пір тұтады, Сократша ойлап, Сократша әңгімелескісі келеді. Сократша сұқбап құрып, оған 27 қара сөзін арнайы. Абай не үшін Сократқа ден қойды? Әрине, даналығы үшін, бүкіл тұмырын даналықты насихаттауға, даналықты жүзеге асыруға арнағаны үшін. Сократ даналығы үшін өлімге басын тікті. Абай Сократты хақим деп, яғни, дана деп қадірлейді. Абай өзінің өмірлік миссиясын да Сократша түсінеді: халқына аянбай қызмет ету, кемшілігін ашық айтып, сынап, халқына дұрыс жолды көрсету, халқын үйрету, түзету. Сол үшін де Абай шығармаларында Сократша сынды, мысқылды көбірек пайдаланады. Мен кітабымда Абайды – «қазақтың Сократы» деп атадым. Ақынның ұстанымы – тағдырын туған халқымен бір деп сезетін, халқы үшін қуанып, халқы үшін күйінетін жанашыр жанның, зиялының ұстанымы.

Әдебиетте «Абайдың трагедиясы» деген сөз бар. Оның екіншісі көп болды. Абайға не жетпейді? Оны қинаған халқының қасіреті, қараңғылығы, надандығы, бодандық тағдыры болды. Абай өлеңдерінде ашы, ашынған, жаралы жүректің назын білдіретін жолдар бар: «Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей», «жүрегім менің қырық жамау», «мен ішпеген у бар ма?», «ішім өлген, сыртым сау», «көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» деген сияқты.

Батыста осы кезге дейін философияны ғылым деп, логика, гнесеология, онтология, методология деп таниды. Сондай философия болғаны, бары рас. Бірақ қазақ философиясы ХХ ғасырға дейін Батыс жолымен, ғылым жолымен дамыған жоқ. Демек, Батыс философиясы тұрғысынан, Батыс жолымен дамыған кеңестік философия тұрғысынан қазақтарда ХХ ғасырға дейін нағыз философия болған жоқ. Кенес дәуірінде осындай түсінік болды. Әдебиетте «Қазақ философиясы» деген ұғым болған жоқ. Баяхтін айтқандай, нағыз философтар, әрине, Германияда деп ойладық. Гегельге, Маркске баса көңіл бөлдік. Бірақ философия дегеніміз – ең алдымен даналық. Философияның негізгі қызметі – даналықты жүзеге асыру. Сократ та, Сократқа ден қойған Абай да философияны даналық деп біледі. Даналықты бетке ұстайтын философия, әрине, адаммен айналысады, адамды тануға, түсінуге тырысады. Мұндай философия